

Қ.С. Каримов *¹

*¹Докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы
E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru*

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ: ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ТҰЖЫРЫМДАР

Андатпа

Мақалада, Өзбекәлі Жәнібектің қоғамдық-саяси қызметіне жаңа әдіс-тәсілдер негізінде баға беріледі. Өзбекәлі Жәнібек – XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның қоғамдық және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарған қайраткер. Ол ұлттық мәдениетті жаңғырту, қазақ тілінің мәртебесін көтеру және тарихи сананы қалыптастыру бағытында елеулі жұмыстар атқарды. Ө.Жәнібектің қызметін бағалау кезінде дәстүрлі тарихи талдаулармен қатар, жаңа әдіс-тәсілдер, соның ішінде тарихи салыстырмалы, құжаттық зерттеу, тұлғатану және нақты тарихилық әдістері қолданылды. Сонымен қатар, оның қоғамдағы орны мен ықпалы заманауи көзқарастар тұрғысынан қарастырылады. Мақалада Жәнібектің мәдени мұрасы мен саяси қызметінің тарихи маңызы айқындалып, оның бүгінгі Қазақстан қоғамына тигізген әсері сараланады. Сонымен қатар, зерттеу барысында архивтік құжаттар, ғылыми еңбектер және замандастарының естеліктері негізінде Ө.Жәнібектің қоғамдық-саяси қызметіне объективті баға беріледі. Мақалада жаңа әдіснамалық тәсілдер қолдану арқылы Ө.Жәнібек тұлғасының сан қырлы қыры ашылып, оның мемлекет пен қоғам дамуына қосқан үлесі айқындалады. Зерттеу нәтижелері Ө.Жәнібек мұрасын қайта зерделеуге, оның қызметін жаңа тұрғыдан бағалауға және Қазақстанның саяси тарихындағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Өзбекәлі Жәнібектің қоғамдық-саяси қызметінің заманауи Қазақстан үшін маңыздылығы жан-жақты талданады. Оның ұлттық сананы қалыптастыру, тарихи мұраны жаңғырту және мәдениетті дамыту жолындағы еңбектері қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлік мәселелерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, зерттеу барысында Ө. Жәнібектің саяси шешімдеріне ықпал еткен тарихи жағдайлар, оның бастамаларының жүзеге асу барысы мен нәтижелері сараланды. Бұл тәсіл оның тұлғалық ерекшеліктері мен мемлекеттік қызметіндегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, мақалада Өзбекәлі Жәнібек тұлғасының сан қырлы қыры ашылып, оның Қазақстан тарихындағы орны мен мұрасын қайта бағалауға негізделген жаңа тұжырымдар ұсынылады.

Кілт сөздер: Өзбекәлі Жәнібек, қоғамдық қызмет, саяси қайраткер, мәдени мұра, ұлттық сана, тарихи талдау, жаңа әдістер, тұлғатану.

Қ.С. Каримов *¹

*¹Докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Республика Казахстан, город Туркестан
E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru*

ОЦЕНКА ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКА: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ВЫВОДЫ

Аннотация

В статье дается оценка общественно-политической деятельности Узбекали Жанибека на основе новых методов и приемов. Узбекали Жанибек-деятель, сыгравший важную роль в

общественной и культурной жизни Казахстана во второй половине XX века. Он проделал значительную работу по возрождению национальной культуры, повышению статуса казахского языка и формированию исторического сознания. При оценке деятельности У.Жанибека наряду с традиционным историческим анализом были использованы новые методы и приемы, в том числе методы исторической компаративистики, документального исследования, личностного исследования и реальной историографии. Кроме того, его место и влияние в обществе рассматриваются с современных точек зрения. В статье будет определено историческое значение культурного наследия и политической деятельности У.Жанибека, проанализировано его влияние на современное казахстанское общество. Кроме того, в ходе исследования дается объективная оценка общественно-политической деятельности Жанибека на основе архивных документов, научных трудов и воспоминаний современников. В статье раскрывается многогранность личности У.Жанибека с применением новых методологических подходов, раскрывается его вклад в развитие государства и общества. Результаты исследования позволяют пересмотреть наследие У.Жанибека, оценить его деятельность с новой точки зрения и глубже понять роль Казахстана в политической истории.

Всесторонне проанализирована значимость общественно-политической деятельности Узбекали Жанибека для современного Казахстана. Его труды по формированию национального сознания, модернизации исторического наследия и развитию культуры неразрывно связаны с проблемами современной национальной идентичности. Кроме того, в ходе исследования были проанализированы исторические обстоятельства, способствовавшие политическим решениям У.Жанибека, ход и результаты реализации его инициатив. Такой подход позволяет глубже понять его личностные особенности и роль в государственной службе. Таким образом, в статье раскрывается многогранность личности Узбекали Жанибека и выдвигаются новые выводы, основанные на переоценке его места и наследия в истории Казахстана.

Ключевые слова: Узбекали Жанибек, общественная деятельность, политический деятель, культурное наследие, национальное сознание, исторический анализ, новые методы, личностные исследования.

K.S. Karimov¹

¹*Doctoral student, International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi
Republic of Kazakhstan, Turkestan
E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru*

ASSESSMENT OF THE SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF UZBEKALI ZHANIBEK: NEW METHODS AND CONCLUSIONS

Abstract

The article provides an assessment of Uzbekali Zhanibek's socio-political activities based on new methods and techniques. Uzbekali Zhanibek is a figure who played an important role in the social and cultural life of Kazakhstan in the second half of the twentieth century. He has done significant work on the revival of national culture, raising the status of the Kazakh language and the formation of historical consciousness. In assessing Zhanibek's work, along with traditional historical analysis, new methods and techniques were used, including methods of historical comparative studies, documentary research, personal research and real historiography. In addition, his place and influence in society are viewed from a modern perspective. The article will identify the historical significance of Zhanibek's cultural heritage and political activities, and analyze his influence on modern Kazakh society. In addition, the study provides an objective assessment of Zhanibek's socio-political activities based on archival documents, scientific papers and memoirs of contemporaries. The article reveals the versatility of Zhanibek's personality using new methodological approaches, reveals his contribution to the development of the state and society.

The results of the study will allow us to review the legacy of Zhanibek, evaluate his work from a new perspective and better understand the role of Kazakhstan in political history.

The significance of Uzbekali Zhanibek's socio-political activities for modern Kazakhstan is comprehensively analyzed. His works on the formation of national consciousness, modernization of historical heritage and development of culture are inextricably linked with the problems of modern national identity. In addition, the study analyzed the historical circumstances that contributed to Zhanibek's political decisions, the course and results of the implementation of his initiatives. This approach allows for a deeper understanding of his personality and role in public service. Thus, the article reveals the versatility of Uzbekali Zhanibek's personality and draws new conclusions based on a reassessment of his place and heritage in the history of Kazakhstan.

Keywords: Uzbekali Zhanibek, public service, political figure, cultural heritage, national consciousness, historical analysis, new methods, personality studies.

Кіріспе. Қазақ халқының XX ғасырдағы саяси және мәдени өмірінде ерекше орын алған тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол еліміздің ұлттық мәдениетін жаңғыртуға, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге және тарихи сананы қалыптастыруға үлкен үлес қосқан қайраткер. Ө.Жәнібековтың саяси қызметі мен қоғамдық белсенділігі Қазақстанның тәуелсіздікке дейінгі кезеңіндегі ұлттық мүддені қорғау жолындағы күресінің маңызды бөлігі болды. Сондықтан оның қызметін тереңірек зерттеу, жаңа әдіс-тәсілдермен талдау – өзекті ғылыми мәселелердің бірі.

Өзбекәлі Жәнібековтың саяси және мәдени қызметін зерттеу барысында оның тарихи кезеңдегі рөлі мен маңызын толық ашып көрсету қажет. Себебі, ол кеңестік кезеңнің түрлі идеологиялық қысымдарына қарамастан, қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын сақтауға бар күш-жігерін жұмсаған тұлға болды. Сонымен қатар, оның қызметі мен еңбектері бүгінгі Қазақстан қоғамының тарихи жадын қалыптастыруда маңызды орын алады. Оның қазақ тілін дамытуға, тарихи мұраларды қайта жаңғыртуға қосқан үлесі бүгінгі таңда да өзекті.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметін жаңа әдіснамалық тәсілдер арқылы бағалау, оның тарихи маңызын ашу және қазіргі қоғам үшін өзектілігін анықтау. Зерттеудің міндеттері ретінде оның қызметінің негізгі бағыттарын анықтау, тарихи деректер негізінде сараптау және ғылыми тұжырымдар жасау қарастырылады. Жұмыс барысында тарихи компаративистика, тұлғатану, құжаттық зерттеу және нақты тарихилық әдістері қолданылды.

Бұл зерттеу өз кезегінде Ө.Жәнібеков тұлғасын кеңірек танып-білуге, оның қоғамдық-саяси қызметіне объективті баға беруге және Қазақстанның саяси-мәдени дамуындағы орнын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Қазіргі таңда Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі тарихшылар, этнографтар, қоғамтанушы-ғалымдар мен журналистердің зерттеу нысанына айналып, жан-жақты қарастырылып жүрген өзекті ғылыми тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл бағытта жас зерттеушілерден бастап, тәжірибелі ғалымдарға дейін түрлі ғылыми еңбектер жариялап, тың зерттеулер жүргізуде. Оңтүстік өңірдегі жоғары оқу орындарында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Өзбекәлі Жәнібеков оқулары» аясында ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, оның еңбектері жан-жақты талқылануда. Осындай іс-шаралар мен зерттеулердің көптігі Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен еңбегіне деген ғылыми қызығушылықтың жоғары екенін және оның мұрасының өзектілігін айқындайды [1, 115-120].

Сонымен қатар, оның мәдени мұрасын зерттеу арқылы қазіргі Қазақстан қоғамының саяси және әлеуметтік дамуына әсерін анықтауға болады. Ө.Жәнібековтың идеялары мен бастамалары бүгінгі ұрпақ үшін өзекті болып қала бермек. Оның қызметін жаңа қырынан қарастыру арқылы Қазақстан тарихындағы рөлін тереңірек зерделеуге мүмкіндік туады.

Осы орайда, Ө.Жәнібековтың қоғамдық және саяси қызметін талдау оның Қазақстан тарихындағы ерекше орнын айқындауға мүмкіндік береді. Оның бастамаларының жүзеге асу

барысы, ұлттық құндылықтарды жаңғыртудағы еңбегі мен мемлекет дамуына қосқан үлесі жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері негізінде, Ө.Жәнібековтың қызметі бүгінгі Қазақстан қоғамында өзекті болып қала бермек. Оның идеялары ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен тарихи сананы нығайтуда маңызды рөл атқарды. Осы зерттеу барысында алынған мәліметтер оның еңбектерінің заманауи саяси, әлеуметтік және мәдени үдерістерге тигізген ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдар. Бұл зерттеу жұмысында Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметін жан-жақты талдау үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданды.

Біріншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Ө.Жәнібековтің саяси қызметі мен идеяларының әртүрлі тарихи кезеңдердегі өзгерісі қарастырылды.

Екіншіден, тұлғатану әдісі қолданылып, оның өмір жолы мен қайраткерлік қызметі жеке тұлға ретінде сипатталды. Сонымен қатар, архивтік құжаттар мен естеліктерді талдау әдісі арқылы оның саяси шешімдері мен қоғамдық әрекеттерінің маңызы айқындалды. Ал, Жәнібековтің мемлекеттік қызметтегі еңбегін бағалауда мұрағаттық құжаттар, ресми қаулылар, хаттар мен баяндамалар басты дереккөз болып табылады. Олардың негізінде оның қабылдаған шешімдері мен атқарған жұмыстарының тарихи мәні зерттеледі.

Үшіншіден, тарихи-деректанулық әдіс арқылы оның өмірі мен қызметіне қатысты түпнұсқалық деректер салыстырылып, олардың шынайылығы мен маңыздылығы бағаланды. Бұл әдіс Ө.Жәнібековтің қызметі туралы тарихи фактілерді объективті түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Төртіншіден, саяси талдау әдісі арқылы оның мемлекеттік және қоғамдық басқару жүйесіне қосқан үлесі анықталды. Оның еңбектерін, мақалаларын, сұхбаттарын контент-талдау арқылы зерттеу тұлғаның идеялық ұстанымдарын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар мен замандастарының пікірлері де талданады.

Зерттеу материалдары ретінде Өзбекәлі Жәнібековке қатысты тарихи құжаттар, ғылыми еңбектер, замандастарының естеліктері және баспасөз материалдары пайдаланылды. Атап айтқанда, ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі деректер, соның ішінде Өзбекәлі Жәнібековтың жеке мұрағаттық қоры 2238, №1 тізбегінде 1903-1997ж.ж. аралығына арналған 394 іс кіргізілсе, №2 тізбегінде 1964-1996ж.ж. аралығын қамтитын 101 іс кіргізілген. Ө. Жәнібековтің өз еңбектері мен хаттары, сондай-ақ оның қызметін зерттеген ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Сонымен бірге, оның замандастары мен әріптестерінің сұхбаттары мен мемуарлары маңызды дереккөз ретінде қарастырылды.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ руханиятының көрнекті қайраткері, ұлттық мәдениеттің дамуына сүбелі үлес қосқан тұлға. Ол саналы ғұмырын елдің мәдени мұрасын зерттеуге, насихаттауға және қайта жаңғыртуға арнады. Мемлекеттік қызметте жүрсе де, шығармашылық жұмысын тоқтатпай, ұлттық құндылықтарды дәріптеген еңбектер жазды. Оның қаламынан туған зерттеулер мен еңбектер қазақ мәдениеті мен колөнерінің бай қазынасын қамтиды. Атап айтқанда, «Қазақтың ұлттық колөнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, 1-кітап; 1997, 2-кітап), сондай-ақ «Таңдамалы шығармалар жинағы» (1-кітап, 2011; 2-кітап, 2011) сияқты құнды еңбектері жарық көрген. Ө. Жәнібековтің артында қалған бұл мұралар – ұлт тарихы мен мәдениетін тереңінен тануға, халқымыздың рухани байлығын сақтауға арналған баға жетпес дүниелер.

Қазақ халқының бай тарихы мен кең байтақ даласы елінің болашағы үшін аянбай еңбек еткен батыр перзенттерге кенде емес. Жұртына жерұйық іздеген Асан Қайғы, қобызын сарнатып, ажалдан құтылудың жолын іздеген Қорқыт ата, қолына найза мен қылыш алып, елін қорғаған Қабанбай мен Бөгенбай сынды батырлар – соның айғағы. Осы ұлы тұлғалардың ізбасары ретінде Өзбекәлі Жәнібековті атауға болады.

Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық –саяси саладағы алғашқы қадамы жоғары оқу орнын аяқтап келген соң басталды, ол еңбек жолын Келес ауданында бастап, үш жыл бойы тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Сонымен қатар, осы ауданның Абай ауылындағы «Ленин жолы» мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. Бұл деректер оның Алматыдағы Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақталған өмірбаянында баяндалады [2, 1-2п].

Ө.Жәнібеков тағдырдың ауыр сынақтарына мойымай, әрдайым алға ұмтылып, кезіккен қиындықтарды жеңіп отырды. Оның бала кезіндегі ауыр естеліктері, науқас анасының азапты бейнесі мен өткен шақтың мұңды көріністері санасынан еш өшпей, кейін «Тағдыр тағылымы» атты өмірбаяндық кітабында көрініс тапты [3, 16-30].

Ө.Жәнібековтің мұрасын зерделеу үдерісінде мазмұндық-талдау әдісі қолданылып, оның еңбектеріндегі негізгі идеялық бағыттар мен тұжырымдамалық ұстанымдар жүйелі түрде қарастырылды. Аталған әдістемелік тәсіл тұлғаның қоғамдық-саяси көзқарастарын жан-жақты ашып көрсетуге, сондай-ақ тарихи деректер негізінде оның ғылыми-мәдени мұрадағы орнын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында жиналған материалдарды жүйелеу мен талдаудың кешенді жүргізілуі жұмыстың объективтілігі мен нәтижелерінің нақтылығын қамтамасыз етті.

Талқылау. Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметі қазақ халқының мәдени және рухани жаңғыруына тигізген әсерімен ерекшеленеді. Оның ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту бағытындағы бастамалары Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихында ерекше орын алады. Бұл бөлімде оның атқарған қызметтерінің саяси және мәдени тұрғыдан маңыздылығы жан-жақты қарастырылады.

Ө.Жәнібековтың ұлттық сананы жаңғыртудағы рөлі оның тіл саясатына және тарихи мұраны сақтау мәселелеріне қатысты ұстанымдарымен анықталады. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттыруда белсенді жұмыс атқарып, ғылыми және мәдени институттардың дамуына үлес қосты. Сонымен қатар, Ол саяси қызметте жүргенде Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды көрнекті қайраткерлердің істерін қарастырумен айналысты. Бұл жұмыс тек үш тұлғаны ғана ақтап алумен шектелмей, Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметінің қызметіне жаңаша баға беруге негізделді [4, 1290-1297]. Өзбекәлі Жәнібеков бұл мәселені көтеру барысында аталған қайраткерлердің іс-әрекеттерінен ұлтшылдықты көре алмайтынын және олардың әдеби, саяси мұрасын әділ зерттеу қажеттігін баса айтты. Нәтижесінде бұл қайраткерлер толығымен ақталып, олардың есімдері мен еңбектері халқына қайта оралды, оның ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолындағы еңбегі, әсіресе, Алаш мұрасын зерттеуге қосқан үлесі маңызды.

Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы кеңес дәуірінің қоғамдық-саяси үдерістерін бейнелейтін айқын мысалдардың бірі. Ол 1955 жылдан бастап комсомол, партия және кеңес органдарында басшылық қызметтер атқарып, ел жастарының қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етті. Алдымен Келес аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, кейін Шымкент облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарып, кейіннен Қазақстан комсомол ұйымының жетекшілігіне келген тұста жастардың азаматтық санасын қалыптастыру, олардың ел өміріне белсене қатысуына жағдай жасау сияқты маңызды мәселелерді шешуге ерекше көңіл бөлді. Бұл қызметінде оның қажыр-қайраты, ұйымдастырушылық қабілеті және көшбасшылық қасиеттері анық көрінді.

Ол жастарды қоғамдық жұмыстарға, санитарлық тазалық шараларына, елді мекендерді көгалдандыруға жұмылдырып, спорттық және мәдени іс-шараларға белсенді түрде тартуға күш салды. Сондай-ақ, комсомолдар мен пионерлер тарихи-мәдени нысандарды қамқорлыққа алып, ауылдық жерлерде жастар бригадалары мен еңбек ұжымдары құрылып, олардың ел дамуына қосқан үлесі арта түсті.

Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің сол кездегі екінші хатшысы А. Семенченко 2015 жылы Мәскеу гуманитарлық университетінің баспасынан шыққан «Біз комсомолды құрдық, комсомол бізді қалыптастырды» атты естелік кітабында республикалық

комсомол ұйымының қызметі мен оның басшысы Өзбекәлі Жәнібеков туралы маңызды деректер келтіреді.

«Өзбекәлі Жәнібеков пен оның алдындағы жетекшілердің есімдері Қазақстан комсомолының сол кезеңдегі жетістіктерімен тығыз байланысты. Олар республиканың жастарының арасынан шыққан, өз ісіне адал және сенімді тұлғалар болды. Уақыт көрсеткендей, олардың әрқайсысы жас ұрпақтың көшбасшысы деген мәртебелі атаққа лайық болып, еңбек жолының соңына дейін өз халқына адал қызмет етті.

Біздің комсомол жетекшілері қатарында ең беделді, білікті ұйымдастырушылардың бірі, сөзсіз, Өзбекәлі Жәнібеков еді. Ол республика жастарының басында сегіз жылдан астам уақыт тұрып, осы салада аянбай еңбек етті. Өзбекәлі ауқымды ойлай білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары комсомол қызметкері ретінде танылды. Оның есімі тек Қазақстан мен Орталық Азияда ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында белгілі болды»

Өзбекәлі Жәнібеков шешендігімен емес, нақты, қысқа сөйлеуімен ерекшеленетін. Оның дауысы сәл қатаңдау шыққанымен, тыңдаушылардың көңіл-күйін дәл сезініп, аудиторияны өзіне тарта алатын. Ерекше ішкі қуаты мен ерік-жігерінің арқасында ол жастарды өзіне ертіп, олардың қызығушылығын оята білді. Сырттай қарағанда салқынқанды, талапшыл, кейде қаталдығы байқалғанымен, оның жүрегінде адамгершілік пен жанашырлық басым еді. Ол әрбір адамды тыңдап, түсінуге тырысатын, ойы анық, мақсаты айқын тұлға болатын. Өзінің Ғани Мұратбаевқа сырт келбеті ұқсайтынын іштей мақтан тұтатын.

Ол ұлт руханиятына терең бойлап, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне зор құрметпен қарады. Дегенмен, ол ұлттық мүддені интернационалдық құндылықтардан жоғары қойған жоқ, өйткені оған жікшілдік пен ұлтшылдық жат еді. Сол кезеңде кейбіреулер оның ұлттық құндылықтарды дәріптеуіне күмәнмен қарады. Себебі, ол заманда қазақтың ұлттық болмысын жаңғырту әрекеті «буржуазиялық ұлтшылдық» деп қабылданса, орыстардың патриотизмі «үлкен орыс шовинизмі» ретінде сынға ұшырайтын.

Ө.Жәнібеков ерекше дарынды жастарды қолдауға, олардың жолын ашуға әрдайым ықыласты болды. Ол әр саладағы жас таланттарды тауып, олардың алға жылжуына мүмкіндік жасауға тырысты. Әсіресе, қазақ жастары арасындағы еңбек озаттары, ғылым мен өнерге бет бұрған қабілетті жастар оның назарынан тыс қалмады. Олжас Сүлейменовтің шығармашылығын ерекше бағалап, оны шынайы құрметтеді.

Жас ақындар мен өнерпаздарға қамқорлық көрсету оның басты ұстанымдарының бірі болды. Қазақ тілінде жазатын Надежда Лушникованың алғашқы өлеңдері жарияланған кезде, Өзбекәлі бұл жаңалықты зор қуанышпен қабылдады. Ол жас ақынды Орталық Комитетке шақырып, шығармашылық ортаға бейімделуіне көмектесті, өлеңдерін жастар газеттерінде жариялауға ықпал етті. Тіпті оның алғашқы жыр жинағының жарық көруіне қолдау білдірді. Осындай шынайы қамқорлықты Өзбекәлі өзге де жас дарындарға көрсетті[5, 352].

Ө.Жәнібековтің кеңестік кезеңдегі қызметін саралау барысында оның саяси шешімдері мен ұлттық мүдделерді қорғау жолындағы күресі талданады. Кеңестік билік жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау оңай болмағанымен, ол жүйелі түрде қазақ халқының мәдени мұрасын дәріптеуге және сақтау жолында күрес жүргізді. Оның бастамалары қазақ мәдениетінің сақталуына ғана емес, оны дамытуға да серпін берді.

Сонымен қатар, Ө.Жәнібеков өз дәуіріндегі интеллигенция өкілдерімен тығыз байланыста болып, ұлттық идеяларды насихаттау мақсатында көптеген қоғамдық-мәдени шараларды ұйымдастырды. Ол түрлі басылымдарда ұлттық мәселелерді көтеріп, саяси және рухани дамудың бағыттарын айқындауға тырысты. Оның идеялары мен реформалары Қазақстанның егемендік алу кезеңінде өзекті болып, ұлттық бірегейліктің қалыптасуына зор үлес қосты.

Тұжырымдай келе, Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметі қазақ халқының ұлттық санасының жаңғыруына, мәдениетінің сақталуы мен дамуына және саяси дербестігіне ықпал еткен маңызды факторлардың бірі болды. Оның бастамалары мен еңбектері тәуелсіз Қазақстанның рухани-мәдени негізін қалыптастыруда маңызды орын алады.

Сол кезеңдегі уақытқа тоқталсақ, Қазақстанда мәдени мұраны қорғау мәселелері мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде тек XX ғасырдың 70-жылдарының соңында ғана қолға алынды. Бұған дейін бұл сала ретсіз және жоспарсыз дамып келген болатын. Дәл осы кезеңде Өзбекәлі Жәнібеков өзінің ерекше ұйымдастырушылық және басшылық қабілеттерінің арқасында бұл бағытты жаңа деңгейге көтерді. Ол кез келген қиындыққа мойымай, табандылықпен жұмыс істей білді. Оның Мәдениет министрлігіне келуі елдің тарихи-мәдени мұрасына деген көзқарасты өзгертіп, бұл салада айтарлықтай ілгерілеуге жол ашты.

Тарихи және мәдени ескерткіштерді қазіргі қоғам өміріне енгізу мақсатында Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен елімізде бірқатар музей-қорықтар құрылды. Олардың ішінде Жамбыл облысындағы «Ежелгі Тараз ескерткіштері», Маңғыстау облысындағы «Маңғыстау мен Үстірттің материалдық мәдениет ескерткіштері», Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, «Ордабасы» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы, Оңтүстік Қазақстан облысында ашылған Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы, сондай-ақ Қарағанды облысындағы «Ұлытау» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі бар.

Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібеков тарихи нысандарды қайта қалпына келтіру ісіне ерекше көңіл бөлді. Оның бастамасымен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Отырар ауданындағы Арыстанбаб кесенесі, ежелгі Отырар қаласының археологиялық мұралары, Алматы облысындағы Жаркент мешіті, Жамбыл облысындағы Қарахан, Айша бибі және Бабаджа хатун кесенелері секілді көптеген бірегей тарихи ескерткіштерге реставрация жасалды. Бұл жұмыстар еліміздің мәдени және тарихи мұрасын сақтау мен кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында үлкен жетістік болды.

Өзбекәлі Жәнібеков нағыз ұлтжанды тұлға ретінде қазақ халқының мәдени мұрасын идеологиялық ықпалдан аршып, оны бүкіл адамзаттың ортақ қазынасы ретінде әлемдік қауымдастыққа танытуға бар күшін салды. Ол үшін Түркістанның – түркі әлемінің рухани орталығы ретіндегі тарихи маңызын айқындау және оның ескерткіштерін сақтау ерекше орын алды. Әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жағдайына алаңдап, оның сақталуын қамтамасыз етуге белсене кірісті. Ө.Жәнібеков бұл мәселеге бейжай қарамай, үнемі Түркістанға барып, тарихи нысанның жағдайын қадағалап отырды. Белгілі ғалымдар, тарихшылар, сәулетшілер мен реставраторлардың қатысуымен ғылыми-әдістемелік кеңестер өткізіп, кесененің сақталуына қатысты кешенді шаралар қабылдауға ұйытқы болды. Сондай-ақ, тарихи мұраның тұрақты бақылауда болуын қамтамасыз етіп, кесененің температуралық-ылғалдылық тепе-теңдігін сақтау мәселесіне ерекше мән берді.

Белгілі шығыстанушы ғалым, археолог М.Е. Массон 1927 жылы Тараз бен Сайрам қалаларын зерттесе, екі жылдан кейін Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жағдайын зерделеген болатын. Ол өз жазбаларында былай деп көрсеткен: «...1864 жылы Түркістанға патша әскерінің шабуылы кезінде кесененің бірнеше бөлігі қатты зақымданды. Зеңбірек оқтары нысанның шатырына, оңтүстік-батыс қабырғасына (Асхана бөлмесі, Құдықхана мен Үлкен Ақсарай шатыры) айтарлықтай нұқсан келтірді. Бұл бөліктер күрделі қирауға ұшырап, қайта қалпына келтіруді қажет етті. 70-жылдардың басында жергілікті билік кесенені бұзу туралы шешім қабылдады, өйткені уақыт өте келе жөндеу көрмеген және жарықтары үлкейген қабырғалар кез келген сәтте опырылып түсуі мүмкін еді. Оның үстіне, бұл жаңа салынған шикі кірпіш казармаға қауіп төндірді. Алайда, Ташкенттегі генерал-губернатордың бұл шешімді дер кезінде тоқтатуы кесенені толық жойылып кетуден сақтап қалды» [6, 146-156].

Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық қызметінің тағы бір маңызды қыры – оның жастарды тәрбиелеу және ұлттық сана-сезімді нығайту жолындағы еңбегі. Ол жас ұрпаққа ұлттық мәдениетті дәріптеуге, олардың тарихи мұраға деген қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлді. Оның бастамасымен қазақ тарихы, әдебиеті мен өнері жөніндегі көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, жастардың патриоттық рухын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылды. Соның айғағы ретінде өзі қай жерде

болмасын қазақ жастарына деген ықыласы ерекше болып, 1962 жылғы Хельсинкіде өткен жастар мен студенттердің VIII дүниежүзілік фестиваліне қатысып қолдау көрсетті [7,17 п].

Ө.Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметін тарихи салыстырмалы бағалауда мен мынадай тұжырым айтар едім, зерттеу жұмысыма байланысты 2025 жылы Түркия Республикасы, Мугла Сытқы Кочман Университетінде ғылыми тағлымдамада болып ізденіс жұмыстарымда түйгенім, мына деректерде үлкен ой жатыр деп айтар едім, тоқтала кетсем Өзбекәлі Жәнібеков пен Мұстафа Кемал Ататүрік – XX ғасырдағы түркі әлемінің саяси және мәдени-әлеуметтік дамуына елеулі ықпал еткен қайраткерлер. Олардың қызметі әртүрлі тарихи кезеңдер мен географиялық аймақтарда жүзеге асқанымен, екеуін де ұлтжандылық, мәдени мұраны жаңғырту, саяси реформалар жүргізу және ұлттық сана қалыптастыру сияқты ұқсас миссиялар біріктіреді. Сонымен бірге екеуі де мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді. Тарихи жады мен ұлттық мәдениеттің мемлекет қалыптастырудағы рөлін айқындады. Тіл, әдебиет және өнер саласында ұлттық жаңғыруға бастамашы болды. Екеуінің қоғамдық-саяси қызметін бағалау үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану – ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзектілігін арттырады. Олардың еңбектері тек тарихи тұрғыдан ғана емес, заманауи көзқарас тұрғысынан да бағалануы керек.

Ол ұлттың рухани-мәдени дамуына ықпал ететін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдады. Ол мәдениет саласындағы ғылыми орталықтардың қызметін жетілдіруге, ұлттық мұраны жаңғыртуға бағытталған жобаларға жетекшілік етті. Оның бастамасымен көптеген тарихи еңбектер жарық көріп, қазақ мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне үлес қосылды.

Осылайша, Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметі тек мәдени мұраны сақтау ғана емес, оны одан әрі дамытуға, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге бағытталды. Оның еңбектері мен бастамалары қазіргі Қазақстан қоғамында әлі де өзектілігін сақтап келеді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Өзбекәлі Жәнібековтың Қазақстанның мәдени, саяси және ұлттық сана қалыптастыру үдерісіне қосқан үлесін айқындады. Оның қызметі мен бастамалары қазақ халқының рухани және мәдени өрлеуіне үлкен ықпал етті.

Біріншіден, Ө.Жәнібековтың тіл саясаты саласындағы қызметі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтуға бағытталды. Ол қазақ тілін оқыту мен дамыту мәселелерін көтеріп, оның заңнамалық тұрғыдан қорғалуына ықпал етті. Оның бастамаларының нәтижесінде қазақ тіліне қатысты бірқатар реформалар қабылданып, ұлттық тіл саясаты қалыптасты.

Екіншіден, оның ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған іс-әрекеттері қазақ мәдениеті мен тарихының сақталуына жағдай жасады. Архивтік құжаттар мен мемуарлық еңбектерге сүйене отырып, ол ұлттық мұраларды зерттеу мен насихаттау ісіне белсене атсалысты. Ө.Жәнібековтың бастамасымен көптеген тарихи тұлғалар мен оқиғалар қайта зерттеліп, ұлттың тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар жүргізілді.

Үшіншіден, Ө.Жәнібеков кеңестік кезеңдегі саяси қысымдарға қарамастан, ұлттық мүддені қорғауда табандылық танытты. Оның ұлттық сана қалыптастырудағы жұмыстары тәуелсіз Қазақстанның рухани дамуы үшін маңызды болды. Ол ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту жолында аянбай еңбек етіп, жастардың ұлттық рухта тәрбиеленуіне ерекше көңіл бөлді.

Төртіншіден, оның тарихи мұраны сақтауға бағытталған жұмыстары нәтижесінде көптеген мәдени-тарихи нысандар мен мұрағат құжаттары зерттеліп, қалпына келтірілді. Оның басшылығымен ұйымдастырылған іс-шаралар қазақ халқының тарихи мұрасын сақтауға және насихаттауға үлкен әсер етті.

Сонымен қатар, Ө.Жәнібековтың тілі жанашыры жайында зерделі мақала жазып, бұқара қауымға ұсынған Ө.Айтбайұлы [8, 20].

Академик Ө. Қайдаров Өзбекәлі Жәнібеков туралы: «Өзағаң жайлы аз да, көп те айтуға болады. Ол қазақ халқына өлшеусіз еңбек сіңірген, игілікті істер атқарған тұлға. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру мәселесінде біз бірге жұмыс істедік. Ақтандақтарды зерттеу мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолында көп кеңесетін едік. Ол қолға алған әрбір

ісін соңына дейін жеткізуге тырысатын. Қазақ тілі қоғамын құру ісіне бастамашы болсам да, Өзағанның көмегі зор болды. Тілімізге мемлекеттік мәртебе беру – ауқымды әрі маңызды міндет еді. Бұл жолда халықты жұмылдыру, ел санасын ояту қажет болды. Осы күрделі істердің барлығында жол көрсетіп, бағыт-бағдар берген Өзбекәлі Жәнібеков еді» – деп еске алады [9].

Ө.Жәнібековтің пікірінше, ұлттық құндылықтарды жаңғырту – ұлттың болашағы үшін маңызды міндет. Ол қазақ халқының бай мәдени мұрасын зерттеп, оны қазіргі заманға сай бейімдеу арқылы жастардың ұлттық сана-сезімін оятуды көздеді. Бұл мақсатта ол көптеген этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, халықтық өнер мен қолөнерді қайта жандандыруға атсалысты. Сонымен қатар, Ө.Жәнібеков ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда білім беру жүйесінің рөлін ерекше атап өтті. Ол мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық мәдениет пен өнерді оқыту бағдарламаларына енгізу арқылы жас ұрпақтың өз тарихы мен мәдениетіне деген құрметін арттыруға шақырды.

Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық құндылықтарды жаңғырту жолындағы еңбегі ұлт руханиятының дамуына зор үлес қосты. Оның идеялары мен бастамалары бүгінгі күні де өзекті болып, ұлттық мәдениетімізді сақтау мен дамытуда маңызды бағыт болып табылады.

Б.Данияровтың «Заманынан озып туған ер тұлға» атты мақаласында алаштың ардақты азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі туралы баяндалады. Оның қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін қайта жаңғыртудағы елеулі еңбегін атап өтеді. Өзбекәлі Жәнібеков кеңестік дәуірдің қиын кезеңдерінде халқына деген сүйіспеншілігі мен ұлттық өнерді дамытуға деген ұмтылысын көрсетіп, кейінгі ұрпаққа үлгі бола білді делінген [10, 6].

Ө.Жәнібековті де шыңдап, тәрбиелеген – Коммунистік партия болатын. Алайда, оның табиғатынан ерекше азаматтық қасиеті бар еді: ол тарихшы-этнограф, этнолог ретінде ұлттық тарихты, дәстүрді, сол дәстүрден туындайтын мінез-құлықты, қолөнерді, киім үлгілерін, музей ісін және классикалық өнерді зерттеп, зерделеп, бойына сіңіріп өсті. Сондықтан ол коммунистік идеологияның жетегінде кетпей, өз бағытын айқын сақтай білді. Ол туған халқының тағдырын лениндік ұлт саясаты аясында жоғары қойып, мансап пен саяси қысымға қарамастан, ұлт мүддесіне қызмет етудің тиімді жолдарын таба білді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел билігі мұрағаттық құжаттарға қолжетімділікті арттырып, шетелдік ғалымдармен бірлескен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік жасады. ҚР Президентінің архиві мен ҚР Мәдениет министрлігі бірлесіп, тарихи маңызы бар құпия құжаттарды зерттеуге рұқсат беру жөнінде комиссия құрды. Бұл бастама отандық және шетелдік ғалымдардың құнды мәліметтер алуына жол ашты. Жаңа зерттеулер қазақ қоғамында бұрын жүргізілген күш көрсету саясатының ауқымын айқын көрсетті. Деректерге сүйене отырып, зерттеушілер: «Сталин жүргізілген реформаның қандай зардаптарға әкелетінін білді, бірақ соған қарамастан ешқандай әрекет жасамады», – деген тұжырымға келді [11].

Сексенінші жылдардың басында Қазақстанда мұражай ісі қарқынды дамып, жаңа кезеңге қадам басты. Бұл үрдіс мұражайлар санының көбеюімен қатар, олардың қызмет бағыттарының кеңеюі, ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыстарының жандануымен ерекшеленді. Мұның барлығы сол кезеңдегі Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековтің қажырлы еңбегінің нәтижесі болды. Ол жаңа қызметінде белсенділік танытып, қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын сақтау мен дәріптеу жолында үлкен үлес қосты.

Өзбекәлі Жәнібековтің жетекшілігімен жүргізілген ғылыми-зерттеу, іздестіру және жинақтау жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда бірқатар маңызды мұражайлар ашылды. Олардың қатарында көрнекті ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының алғашқы президенті Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық мұражайы, Алматы қаласындағы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық мұражай кешені бар. Қарағанды облысының Жезді кентінде тау-кен және металлургия тарихы мұражайы ашылды.

Сонымен қатар, ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, халық батыры А. Имановтың мемориалдық мұражайы, Торғай өңірінде Дала тарихы мұражайы құрылды. Қызылорда

облысында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы тарихы мұражайы мен қазақ жастарының көшбасшысы Ғ.Мұратбаевтың мемориалдық мұражайы ашылды. Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан ауылында әлемге әйгілі балуан, чемпион Қажымұқан Мұңайтпасовтың мұражайы бой көтерді.

Батыс Қазақстан облысында Бөкей Ордасы тарихы мұражайы, Т.Г. Шевченконың мемориалдық кешені, Кеңес Одағының Батыры М. Мәметованың үй-мұражайы ашылды. Алматы облысында ақындар Сүйінбай Аронұлы, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібозұлының әдеби-мемориалдық мұражайлары, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н. Алдабергеновтің мемориалдық мұражайы, «Жаркент мешіті» сәулет-өнер мұражайы, сондай-ақ Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» мемориалдық кешені мен ақын М. Мақатаевтың әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды.

Бүгінде бұл мұражайлар мен мәдени нысандар Қазақстандағы тарихи-мәдени мұраның ажырамас бөлігіне айналып, туристік бағыттардың қалыптасуына үлкен үлес қосып отыр. Алматыдағы Халық музыкалық аспаптар мұражайының құрылу тарихы оның қаншалықты күрделі әрі ауқымды жұмыс болғанын көрсетеді. Алғашында мұражай Панфилов көшесі, 99-үйде орналасқан, тарихи маңызы бар бұрынғы керуен-сарай ғимаратында ашылған еді. Алайда кейінірек оны Алматыдағы сақталып қалған санаулы көне ғимараттардың бірі – Офицерлер жиналысының үйіне көшіру туралы шешім қабылданды. Бұл ғимарат Зенков пен Гоголь көшелерінің қиылысында, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағының жанында орналасқан болатын және сол кезде құлаудың аз-ақ алдында тұрған еді. Осы тарихи ғимаратты сақтап қалу ісі Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен жүзеге асып, мұнда кең көлемді қалпына келтіру жұмыстары басталды.

Дегенмен, мұражайды ұйымдастырудағы басты қиындықтар әлі алда болатын. Бастапқы жоспар бойынша мұражайдың негізгі экспозициясы белгілі музыкатанушы Болат Сарыбаевтың жеке жинағындағы қазақтың халықтық музыкалық аспаптарынан жасақталуы тиіс еді. Алайда соңғы сәтте Сарыбаев белгісіз себептермен өз келісімінен бас тартты. Бұл кезде мұражайдың ашылу мерзімі бекітіліп қойғандықтан, кейінге шегеру мүмкін болмады. Осындай күрделі жағдайда Өзбекәлі Жәнібеков батыл шешім қабылдап, белгілі қолөнер шеберлері Даркенбай Шоқпаров, Оразғазы Бейсенбаев және басқа да шеберлерге қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының барлық түрлерін қайта жасап шығаруды тапсырды. Олардың қатарына домбыра, қобыз, дабыл, жетіген, сырнай, керей, шертер, сазсырнай, адырна, сазген, дудыға, тоқылдақ және басқа да аспаптар кірді.

Сонымен қатар, мұражай қорын толықтыру мақсатында әйгілі халық орындаушылары – Құрманғазы, Біржан сал, Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев және басқа да танымал өнерпаздар қолданған музыкалық аспаптарды жинау жұмыстары жүргізілді. Бұған қоса, ТМД елдері мен әлем халықтарының дәстүрлі музыкалық аспаптары да мұражай экспозициясына енгізілді.

Мұражай қызметінің алғашқы жылдарынан бастап халық музыкасын насихаттауға баса назар аударылды. 1981 жылы Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен мұражай жанынан «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі құрылды. Өзінің қызметтік міндеттерінің көптігіне қарамастан, Ө.Жәнібеков мұражай қорын жаңа экспонаттармен толықтыру, ансамбльдің концерттік бағдарламаларын жаңарту, орындаушылардың сахналық киімдерін әзірлеу секілді жұмыстарды жеке бақылауда ұстады. Абырой болғанда, мұражайға жақын маңда, тура жолдың арғы бетінде Мәдениет министрлігі орналасқан еді, бұл ұйымдастыру жұмыстарын жеңілдетті. Кейіннен мұражайдың алғашқы директоры Жарқын Шәкәрім өз естеліктерінде былай деп жазды: «Мұражайды ұйымдастыру барысында ең үлкен қиындықтар оның алғашқы директоры Жарқын Шәкәрімнің, сондай-ақ шебер-ұсталар Оразғазы Бейсенбаев пен Даркенбай Шоқпаровтың еншісіне тиді» [12, 171-172].

Өзбекәлі Жәнібеков ұлттық болмысынан бастау алатын ұлтжандылығымен және соған негізделген қайсар мінезімен көзі тірісінде-ақ аңызға айналған тұлға. Өз ісіне шынайы берілген, ұлтын сүйетін азаматтар оның жанынан табылып, досына айналды. Ал ұлты мен

қызметіне адалдық таныта алмаған, халық мүддесі үшін жанын салып еңбек етпеген жандар оның қасынан іргесін аулақ салды [13].

Академик Серік Қирабаев Өзбекәлі Жәнібековті ел тәуелсіздігінің символы ретінде бағалаған. Кеңестік тоталитарлық жүйенің қыспағына қарамастан, ол халықты ұлтжандылыққа баулып, қазақтың меймандос, бауырмал, батыр, өнерпаз әрі рухани бай халық екенін үнемі насихаттады. Ол әрбір қазақтың өз ұлтымен мақтануына, ұлттық рухты биік ұстауына үндеді. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде қызмет атқарған жылдары Ө.Жәнібеков арнайы комиссия құрып, Алаш зиялыларын ақтау және олардың мұраларын жарыққа шығару бағытында табанды еңбек етті. Әсіресе, Шәкәрім Құдайбердіұлын ақтау барысында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қарсылығына тап болды. Құзырлы орган өкілдері Шәкәрімге қатысты айыптаушы құжаттардың барын алға тартып, оны қылмыскер ретінде көрсеткісі келді. Алайда, Ө.Жәнібеков бұл кедергілерге мойымай, комиссияның қажырлы жұмысының нәтижесінде Шәкәрімді толықтай ақтап шықты. Осыған байланысты академик Серік Қирабаев: «Егер Өзбекәлі Жәнібеков Орталық Комитетте қызмет етпегенде, Алаш зиялыларын ақтау әлдеқайда қиын болар еді», – деп атап өткен [14].

Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолында сан алуан белестерді бағындырды. Ол қатардағы мұғалім қызметінен бастап, Қазақстан комсомол комитетінің бірінші хатшысы дәрежесіне көтерілді. Одан кейін облыстық атқарушы органдарда басшылық қызметтер атқарып, мол тәжірибе жинады. Мәдениет саласына жауапты министрлікте еңбек етіп, партия жұмысына белсене араласты. Осы қызметтік жол оның қайраткерлік тұлғасын қалыптастырып, адамдық және азаматтық ұстанымдарының айқындалуына, бойындағы қабілетінің толық ашылып, жарқырай көрінуіне ықпал етті.

Ө. Жәнібековтің халқына деген сүйіспеншілігі, құрметі мен жанашырлығы еңбек жолының алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ айқын байқалды. Ол әрдайым ұлттық тарих пен танымға, мәдениет пен дәстүрге ерекше мән беріп, олардың әрбір жаңалығын қалт жібермей қадағалады. Кездескен құнды жәдігерлерді жинақтап, қазақтың рухани әрі материалдық қазыналарын шашпау шығармай келер ұрпаққа жеткізу жолында аянбай еңбек етті. Оның осы мақсаттағы табанды еңбегі – елінің өткені мен болашағына деген адалдығының көрінісі, әрі бүгінгі жастарға үлкен өнеге.

Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолын ағартушылықтан бастағаны. Бала кезінен ізденімпаздығы мен кітапқа деген сүйіспеншілігі оның дүниетанымын кеңейтіп, білімге ұмтылысын арттырды. Бұл қасиеттері оны ағартушылық қызметке алып келді. Мектепте жұмыс істеген жылдары ол тек білім беру ісімен ғана шектелмей, саяси мәселелерге де көңіл бөліп, елінің дамуына үлес қоса бастады. Шерхан Мұртаза бір сөзінде: «Өзбекәлінің еңбектерін толық қамту үшін бірнеше томдық үлкен кітап жазу қажет», – деп оның еңбегінің ауқымдылығын атап өткен. Осы таңда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне Өзбекәлі Жәнібеков есімінің берілуі – әйгілі тұлғаны тану, ұлықтау және оны қоғамдық санада орнықтырудың жаңа кезеңінің бастауы.

Өзбекәлі Жәнібеков мұрасын зерттеу – көпқырлы, күрделі әрі ұзаққа созылатын үдеріс. Бұл тұрғыда «даму» ұғымына тарихи үдерістердегі тұлғаның орны мен маңызын, оның жаңашылдығын өлшем ретінде қарастыру қажет. Зерттеу нәтижесінің мақсаты – ақиқатты ашу және оны шынайы түрде жеткізу. Әсіресе, ғылым мен жоғары оқу орындарының әлеуеті арқылы тарихи шындықты айту аса маңызды.

Тұлға жайлы пікір әрқилы болуы мүмкін: саясаткердің, өнер адамының, студенттің немесе қарапайым еңбеккердің көзқарастары бірдей сәйкес келе бермейді. Дегенмен, ақиқатты терең тарихи деректерге сүйене отырып, кең ауқымды білімге ие, ұлттық, мемлекеттік және жалпыадамзаттық мүддені басшылыққа алатын әдіснамалық ұстанымы берік, зерттеушілік ниеті таза ғалым ғана ашып көрсете алады.

Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде белгілі этнограф ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ ұлттық қолөнері мен мәдениетінің жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің құрметіне мемориалдық тақта ашылған. Сонымен қатар, осы оқу

орнында «Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» тақырыбында алғашқы халықаралық ғылыми-теориялық конференция – «Жәнібеков оқулары-1» өткізілді. Бұл да болса Өзбекәлі Жәнібековке деген құрмет деп білеміз.

Жақсы адам ешқашан ұмытылмайды, оның тек туған күні ғана еске алынады. Өмірінде есімін мәңгілікке алтын әріппен жазып кеткен ардақты тұлға Өзбекәлі Жәнібеков бүгінде арамызда болса, парасатты ойы мен игі ісін ұрпағынан аямас еді. Адамға пайда әкелетін әрбір ой мен әрекет ізгілік деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, зұлымдықтан бойын аулақ ұстау – адам жаратылысына тән құндылық. Ол әрқашан өткір ойымен ерекшеленетін. Ашуланса – әділдігі басым, қуанса – мейірімі мол, ал болмысынан тектілік пен парасаттылық есіп тұратын. Шыншыл мінезімен дараланып, ашуын тез тарқататын. Ол дау-дамайды айқаймен емес, сабырмен шешуге тырысатын. Терең ойлы адамның ісі нәтижелі болатыны белгілі. Өзбекәлі Жәнібеков әр ісін дабыра қылмай, ешкімге салмақ салмай-ақ тындыратын [15].

Ө.Жәнібеков өзінің саяси қызметінде Қазақстанның басты бағыты –ұлттық идеологияда жатыр деген [16, 4-11]. Өзбекәлі Жәнібековтің тұлғалық болмысын айқындайтын ерекше қасиеті – оның отаны мен халқына деген шексіз сүйіспеншілігі. Ол бұл асыл сезімді нақты істерімен дәлелдеп, ұлт мүддесіне аянбай қызмет етті. Өзбекәлі Жәнібеков ұлт тағдырына алаңдап, тарихи мұраны, тілді, халықтың салт-дәстүрін терең зерттеген жан. Осы себепті ол этнография мен мәдениет саласына ерекше көңіл бөліп, құнды зерттеулер жүргізді әрі артына бай рухани мұра қалдырды. Тарих қойнауына үңіліп, халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін жан-жақты зерделеген, ерлік пен бірліктің мәнін айшықтаған, келер ұрпаққа баға жетпес мұра мен өсиет қалдырған аса көрнекті тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Қазіргі қоғамда құндылықтар қайта қаралып жатқан тұста, қызметі сынға ұшырамаған тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол – Қазақстан жастарының жалынды жетекшісі, ұлттық мәдениеттің белді ұйымдастырушысы, халық арасынан шыққан қоғам және саяси қайраткер, сондай-ақ тарихшы ғалым. Кеңес заманында да ол өз елінің болашағына бей-жай қарамай, ұлтының тарихын әрдайым назарында ұстап, кеңестік саясаттың шектеулеріне қарамастан, халқы үшін аянбай қызмет етті. Ақын Мұхтар Шахановтың сөзімен айтқанда, «Ө. Жәнібеков күрделі, мүмкіндігі шектеулі, саяси қысымға толы қызметтерді де ұлт мүддесіне бағыттаудың жарқын үлгісін көрсете білген» ұлтжанды қайраткер болды [17, 240].

Өзбекәлі Жәнібековтің еңбекқорлығы, адалдығы, табандылығы, ұлтжандылығы және халықшылдығы бүгінгі қазақ жастары мен өскелең ұрпақ үшін үлгі боларлық қасиеттер. Әрбір жас Өзекең сияқты өзіне талапшыл, әділ болып өссе, халқымыздың болашағы жарқын болары сөзсіз.

Қазіргі таңда Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметін зерттеу жаңа тұжырымдар мен әдіс-тәсілдерді талап етеді. Оның ұлттық мәдениет пен тарихты жаңғыртудағы тәжірибесі қазіргі заманғы мәдени саясатты қалыптастыруда құнды үлгі бола алады. Сондықтан, оның мұрасын зерттеу мен насихаттау ұлттық бірегейлікті нығайту жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Өзбекәлі Жәнібековтың Қазақстан тарихындағы орны мен маңызын объективті бағалауға мүмкіндік берді. Оның қоғамдық және саяси қызметі ұлттың болашағы үшін атқарылған маңызды еңбек ретінде бағаланады. Оның идеялары мен бастамалары қазіргі Қазақстан қоғамының мәдени, рухани және саяси дамуында өзекті болып қала береді.

Қорытынды. Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметі Қазақстанның мәдени және ұлттық сана қалыптастыру үдерісіне айтарлықтай үлес қосты. Ол қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға, тарихи мұраны сақтауға, ұлттық мәдениетті дамытуға ерекше күш салды. Оның бастамалары мен еңбектері Қазақстанның мәдени және рухани дамуының маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Ө.Жәнібековтың қызметі қазақ халқының тарихи

санасын жаңғыртуда ерекше орын алады. Ол ұлттық бірегейлікті сақтауға және дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды қастерлеуге шақырды. Сонымен қатар, оның бастамаларының нәтижесінде тарихи мұралар зерттеліп, қайта жаңғыртылды.

Өзбекәлі ұлттың рухани дамуына, мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдады. Оның бастамасымен көптеген тарихи еңбектер жарық көріп, қазақ мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне үлес қосылды. Ол жастардың тарихи мұраға деген қызығушылығын арттыру үшін ұлттық мәдениет пен әдебиетті дәріптеуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырды. Бұл оның жас ұрпақтың ұлттық рухын нығайтудағы еңбегінің айқын дәлелі болды. Ұлттық рухтың жаршысы болған Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының мәдениеті, ана тілі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының жаңғыруы мен дамуына айрықша үлес қосты. Мұндай іргелі істерді атап өту – кейінгі ұрпақ өкілдерінің міндеті. Сонымен қатар, оның қызметі кеңестік кезеңдегі саяси-мәдени шектеулерге қарамастан ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталды. Оның еңбектерінің арқасында қазақ халқының тарихи жады қалпына келтіріліп, ұлттың рухани тұтастығы сақталды. Ө.Жәнібековтың идеялары мен бастамалары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, оның мұрасы қазіргі қазақ қоғамының мәдени және рухани дамуына ықпал етуде.

Қорытындылай келе, Өзбекәлі Жәнібековтың еңбектері оның заманының ғана емес, бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті болып табылады. Оның саяси және мәдени қызметі болашақ зерттеулерге негіз бола алады. Осылайша, зерттеу жұмысы оның тарихи рөлін объективті бағалауға және оның мұрасын одан әрі насихаттауға мүмкіндік береді.

Ө.Жәнібековтың еңбектерінің қазіргі Қазақстан қоғамына әсері оның ұлттық сана мен мәдени құндылықтарды жаңғыртудағы маңыздылығын көрсетеді. Оның идеялары мен бастамалары бүгінде елдің рухани дамуына ықпал етуде. Ө. Жәнібековтың қызметін зерттеу оның тарихи мұрасының құндылығын одан әрі ашуға мүмкіндік береді.

Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметінің маңыздылығын толық ашу үшін оның еңбектерінің Қазақстандағы заманауи саяси және мәдени процестерге әсерін қарастыру қажет. Оның идеялары мен бастамалары бүгінгі ұрпақ үшін өзекті болып қала беруде.

Сонымен қатар, Өзбекәлі Жәнібековтың еңбектері ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайтуда маңызды рөл атқарды. Оның ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауға бағытталған жұмыстары қазіргі Қазақстан қоғамының мәдени саясатына негіз болуда.

Осы зерттеу нәтижелері оның тарихи мұрасының құндылығын тереңірек түсінуге және оны әрі қарай зерттеуге жаңа мүмкіндіктер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзалиева Э.Қ., Сыздықова Г.М. Көрнекті қазақ қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірбаяны мысалындағы тарихи өмірбаян жанрының перспективалары. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. - Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021 – Б. 115-120.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, Қор 708, Тізбе 0142, Іс 4393.

3. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы [Мәтін]: Естеліктер. Бірінші кітап / Ө. Жәнібеков. - Алматы: Рауан, 1996. - 16-30 б.

4. Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S., Omarova, S.(2024). Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of Alash figures (XIX-XX). Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys, (55), 1290-1297.DOI: 10.54919/physics/55.2024.129ky0.

5. Семенченко А.Я. «Мы строили комсомол, комсомол строил нас» // Изда-во Московский гуманитарный университет, 2015. – 352 с

6. Алтаев Б.Е Ставший легендой при жизни к 90-летию Узбекали Джанибекова // «Мәдени мұра» ғылыми журналы. - Нұр-Сұлтан: ҚР Ұлттық музейі. - 2021-№1. - 146-156. <https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.15>

7. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Қор 2238, Тізбе 1, Іс 8.
8. Айтбай Ө. Өнер мен тілге өмірін арнаған Өзбекәлі ауқымға сыймайтын алып тұлғасымен халықтың есінде қалды" /Ө.Айтбай// Алтын орда. – 2011. - 24 қараша (№47). - 20 б.
9. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41665>
10. Данияров Б. Заманнан озып туған ер тұлға / Б. Данияров// Жас Қазақ үні. – 2011. - 6 - 12 қыркүйек (№35/36). - 6 б.
11. Ергөбек Қ., «Өлмес ісі өнегелі Өзбекәлі» Қазақ үні, 1.03.2011
12. Шакаримов Ж., Көне дүние күмбіріМелодии древности. – Алматы: Өнер, 2013. – С. 171-172
13. Жапақов Н., «Рух сарбазы» «Орал өңірі» газеті 30.03.2017
14. Батырхан Т., // Егемен Қазақстан. - Астана, 2017. - 3 тамыз (№147)
15. <https://abai.kz/post/4995>
16. Адырбек Б.С., Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық идеология жайлы ойлары мен ұсыныстары / Б.С. Адырбек// Өзбекәлі Жәнібек оқулары - 2010: рес. ғыл.-тәжір. конф. материалдары / ред. Х.Тұрсын. – 4-11 б.
17. Рух сардары (Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 75 жылдығына орай өткен ғылыми теориялық конференция материалдары) / Құрастырған: Баян Адырбек. – Түркістан: Тұран, 2006. – 240 б.

References:

1. Myrzaliev E.Q., Syzdyqova G.M. Kórnekti qazaq qairatkeri Ózbekáli Jánibekovtiń ómirbaiany mysalyndaǵy tarihi ómirbaian janrynyń perspektivalary. Qazaqstan Táýelsizdiginiń 30 jyldyǵy men memleket jáne qoǵam qairatkeri, etnograf ǵalym Ózbekáli Jánibekovtiń 90 jyldyq mereitoyna arnalǵan «TÁÝELSIDIK-MÁNGILIK EL TUǴYRY» atty halyqaralyq ǵylymı-tájiribelik konferentsuanyń ǵylymı maqalalar jınaǵy. - Shymkent: «Ońtústik Poligrafıa» baspasy, 2021 – B. 115-120.
2. Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń arhivi, Qor 708, Tizbe 0142, Is 4393.
3. Jánibekov Ó. Taǵdyr taǵylymy [Mátin]: Estelikter. Birinshi kitap / Ó. Jánibekov. - Almaty: Raýan, 1996. - 16-30 b.
4. Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S., Omarova, S.(2024). Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of Alash figures (XIX-XX). Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys, (55), 1290-1297.DOI: 10.54919/physics/55.2024.129ky0.
5. Semenchenko A.Ia. «My stroili komsomol, komsomol stroil nas» // Izda-vo Moskovskui gymanitarnyi yniuersitet, 2015. – 352 s
6. Altaev B.E Stavshii legendoi pri jizni k 90-letuiy Ýzbekalı Djanibekova // «Mádeni mura» ǵylymı jýrnaly. - Nur-Sultan: QR Ulttyq múzei. - 2021-№1. - 146-156. <https://doi.org/10.47500/2021.v1.i1.15>
7. Qazaqstan Respýblikasy Ortalyq memlekettik arhivi, Qor 2238, Tizbe 1, Is 8.
8. Aitbai Ó. Óner men tilge ómirin arnaǵan Ózbekáli aýqymǵa syymaityn alyp tulǵasy men halyqtyń esinde qaldy" /Ó.Aitbai// Altyn orda. – 2011. - 24 qarasha (№47). - 20 b.
9. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41665>
10. Danuarov B. Zamannan ozyıp tǵan er tulǵa / B. Danuarov// Jas Qazaq úni. – 2011. - 6 - 12 qyrkúek (№35/36). - 6 b.
11. Ergóbek Q., «Ólmes isi ónegeli Ózbekáli» Qazaq úni, 1.03.2011
12. Shakarimov J., Kóne dúnie kúmbiriMelodu drevnosti. – Almaty: Óner, 2013. – S. 171-172
13. Japaqov N., «Rýh sarbazy» «Oral óniri» gazeti 30.03.2017
14. Batyrhan T., // Ege men Qazaqstan. - Astana, 2017. - 3 tamyz (№147)
15. <https://abai.kz/post/4995>

16. Adyrbek B.S., Ózbekáli Jánibektiń ulttyq ideologıa jaily oilary men usynystary / B.S. Adyrbek// Ózbekáli Jánibek oqýlary - 2010: res. ğyl.-tájir. konf. materialdary / red. H.Tursyn. – 4-11 b.

17. Rýh sardary (Ózbekáli Jánibekovtiń týǵanyna 75 jyldyǵyna orai ótken ğylymı teorıalyq konferentsıa materialdary) / Qurastyrǵan: Baıan Adyrbek. – Túrkıstan: Turan, 2006. – 240 b.